

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтөбе қаласы

05.01.2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдаудың мәні:

- 1) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 2) Персоналды басқару;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) Балабақшаның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдауды жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 5 қаңтар

Талдауды жүргізу кезеңі: 2025 жыл

Талданатын нысан туралы мәлімет: «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК.

Мекенжайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, К.Нокин тұрғын үй алабы, Көкшетау көшесі, 5 ғимарат.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің құрылымдық кәсіпорыны болып табылады.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру кәсіпорынның негізгі міндеті болып табылады.

Кәсіпорын өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Ақтөбе қаласы әкімдігінің қаулыларына, «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Жарғысына, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

1. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

2. «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2.1 Персоналды басқару.

Кәсіпорында 27 қызметкерді жұмыс жасайды, бос орын жоқ.

Кәсіпорын меңгерушісі:

- Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна;

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған.

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Кәсіпорынның персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Кәсіпорынның қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, атқарушылық тәртіпті қатаң сақтау мақсатында тиісті дәрежедегі ақпараттық оқуларды өткізу, тәжірибесін ары қарай жетілдіру жалғастырыла береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету

Талдау барысында анықталғаны: білім және ғылым министрлігімен жасалған стандарттарды есепке ала отырып, кәсіпорынмен 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

1. Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау.

Қазіргі таңда кәсіпорында 88 бала тәрбиеленуде. Автоматтандырылған darabala.kz жүйесі енгізілген.

Автоматтандырылған жүйе аталған процедураның тазалығы мен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасамауға ықпал етеді.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында darabala.kz арқылы мемлекеттік қызмет бойынша құжаттарды тапсыру бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорында рұқсат беру функциялары жоқ.

5. Бақылау функцияларын іске асыру

Кәсіпорында бақылау функциялары жоқ.

6. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау 2025 жылы – 72 бала қабылданды және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау – 1 педагог «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

Талдау жүргізу кезінде халық өз мәселелерін осы өтініштері арқылы шешетіндігі және оның артуы анықталып отыр.

Жұмыстың ең басты қағидаларының бірі – көмек сұрағандарға көмектесе отырып, бюрократиялық жазбаларды тоқтату.

«Сенім телефоны» іске қосылып, оған түскен шағымдар есебі жүргізілді.

Талдамалық анықтаманы қарау үшін Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысына ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Жұмыс тобы,

төрағасы «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

меңгерушісі:

Шаруашылық меңгерушісі:

Әдіскер:

Медбике:

Кәсіподақ төрайымы:



Жанжигитова Ф.Ж.

Маден А.Б.

Базарбаева З.И.

Жумашева А.А.

Калиева К.Ж.